

Нарықтық экономика дамыған елдерде, бағалы қағаздар нарығының инфрақұрылымы қор нарығы, орталық депозитарий, бағалы қағаздар нарығының кәсіби қатысушылары және институционалдық инвесторлары бар болса толыққанды деп есептелінеді. Қазіргі таңда Қазақстанда қор нарығының толық инфрақұрылымы қалыптасқан. Құқықтық, институционалдық және техникалық инфрақұрылымдар құрылуы оның болашақта тиімді қызметін қамтамасыз етуі керек. Соңғы жылдары еліміздегі экономикалық өркендеудің қарқынды дамуы нәтижесінде жеке және заңды тұлғалардың активтері де айтарлықтай артуда. Ал, артық қаражат қоры бар кез-келген адам бүгінгі күні табысты қаржы құралдарына инвестиция салу арқылы ақша мөлшерін ұлғайтуына мүмкіндіктері бар. Осыған орай, ақшаны тиімді басқару жөніндегі толық ақпараттарға нақтырақ тоқталсақ. Ақша адам ағзасындағы қан секілді, бүкіл экономиканың жұмыс істеуін қамтамасыз ететін, үнемі қозғалыста болатын, иесіне табыс әкеле алу мүмкіндігі бар құрал. Ақшаның бір қалыпты қозғалыссыз сақталса, құнын жоғалтуы әбден мүмкін. Яғни, инфляция уақыт өте келе АҚШ доллары, еуро, теңге тәріздес кез-келген валютаның сатылу мүмкіндігін азайтады. Ең тиімдісі, салымнан түскен кіріс инфляция көрсеткіштерінен артық болуы тиіс. Жалпы, қарапайым және халық арасында кеңінен танымал әдіс – ақшаны банктік депозитке ставка бойынша салу. Алайда, егер ақша ұлттық валюта түрінде салынса, оның пайыздық ставкасы инфляциямен қатар болжанған девальвацияны да өтеуі қажет. Депозиттік салым әрине, кез-келген инвестордың қоржынында болуы тиіс, алайда оның пайыздық мөлшері көп пайда алып келе алмайды. Сондықтан, инвестор депозиттік салыммен ғана шектелмей, қаржыны орналастырудың басқа да тиімді жолдарын қарастыруы керек. Соңғы жылдары жеке инвесторлар үшін бос ақшаларын орналастырудың сан түрлі мүмкіндіктері туындады. Олар бағалы қағаздар нарығы, жылжымайтын мүлік нарығы, валюта нарығы, пайлық инвестициялық қорлар, т.б. Инвестордың негізгі жұмысы өзіне ыңғайлы, пайдалы инвестициялық стратегияны таңдау. Ол стратегия жаңадан келген нарық субъектісі үшін тәуекелі аз, табысы жоғары, қарапайым және түсінікті болуымен ерекшеленуі тиіс және осы нарықтарда бағдарлануы үшін керекті ақпараттарды алуы қажет. Ақша қаражаттарын орналастырудың түрлі бағыттарында бағдарлануға кәсіби қатысушылар: брокерлер, дилерлер, трейдерлер, делдалдар т.б. көмектеседі. Ол сіздің қандай бағалы қағаздарды таңдауыңызға байланысты. Бағалы қағаздарды сатып алу қиын емес. Ол үшін әдетте брокерлік компанияға барып, келісімшарт жасап, шот ашып, оған ақша салып, брокерді таңдасаңыз болғаны. Ары қарай брокер сіздің тапсырмаңыз бойынша керек бағалы қағаздарды сатып-алу, сату операцияларын жүргізу үшін қор нарығына шығады. Осы шоттан бағалы қағаздар төлемақысы жүргізіледі, сонымен қатар қағаздардан түскен қаражат та аталған шотқа келіп түседі. Мұнымен қоса, инвесторлар брокерден депо шотын ашуы тиіс. Егер клиенттер

ақшасы арнайы брокерлік шотта жатса, бағалы қағаздар депода сақталынады. Сатып алынған бағалы қағаздар дәл осы жерге аударылады.

Қазақстан Республикасының азаматтары шетел компанияларының да бағалы қағаздарын сатып алу мүмкіндігі бар, яғни брокерлік шотты шет елде ашу арқылы бағалы қағаздармен сауда-саттық операцияларын жүргізу [1]. Бүгінгі күні интернет желісі арнайы программа арқылы кез-келген адам өз бағалы қағаздарын басқарып, сауда-саттық операцияларын еркін жүргізіп, не қадағалап отыруына толық мүмкіндіктері қарастырылған. Жаңадан келген инвестор үшін ең қиын сұрақ, қай брокер мен қандай компанияның бағалы қағазын таңдау мәселесі. Табысы көп бағалы қағаздардың әдетте тәуекелі де жоғары болады. Бұл ретте ең дұрысы табысы орташа, тәуекелі аз бағалы қағаздарды таңдағаны немесе қаржына әртүрлі инвестициялық стратегия бойынша орналастыруына да болады.

Қазақстанда бағалы қағаздар операциясын биржада және биржадан тыс жерде жүргізуге болады. Биржалық қордағы жұмыс брокерлер арқылы жасалынады, алайда оларға комиссия төлеу қажет. Биржадан тыс нарықта брокерлерсіз-ақ жұмыс жасауға болады. Қор операциялары орталығы арқылы жүзеге асырылатын мәмілелерге делдалдар қатысады. Тағы бір айта кететін жайт, биржада эмитенттердің барлығының акциялары қатыспайды. Өйткені, сатып алынатын бағалы қағаздар сатылатын бағалы қағаздар тізіміне енуі тиіс. Егер биржадан тыс бағалы қағаздарды сатып алсаңыз, қарапайым жазбаша түрде контрагентпен бағалы қағаздарды сату-сатып, алу келісімшартын жасап, оны нотариуста тіркеу қажет. Содан кейін сатушы тіркеушіде ресімдететін бағалы қағаздарға деген меншік құқығын өткізуі туралы бұйрықты толтырады. Тіркеуші – қор нарығының кәсіби қатысушысы, ол реестр үлгісінде бағалы қағаздардың меншік құқығын тіркейді. Биржалық сауда – ұйымдастырылған нарықта сатып алу дегенді білдіреді. Осы шоттан бағалы қағаздар төлемақысы жүргізіледі, сонымен қатар қағаздардан түскен қаражат та аталған шотқа келіп түседі. Мұнымен қоса, инвесторлар брокерден депо шотын ашуы тиіс. Егер клиенттер ақшасы арнайы брокерлік шотта жатса, бағалы қағаздар депода сақталынады. Сатып алынған бағалы қағаздар дәл осы жерге аударылады [2].

Бағалы қағаздарды сату үшін тек өз брокеріңізге осы немесе басқа бағалы қағазды сату туралы тапсырыс беру қажет. Сонымен қатар, бағалы қағазды биржадан тыс өз бетінше сатуға да болады. Бұл жағдайда, сатушы сатып алушыны тауып, онымен сату/сатып алу келісімшартын жасасады. Келісімшарт нотариуста тіркелгеннен кейін, бағалы қағаз бен ақша аударымы жүреді. Бағалы қағазды ашық тәсілмен немесе тікелей мәміле әдісімен сату деп биржада саудаластықты өткізу тәсілі айтылуда. «Қазақстан қор биржасы» АҚ-да әрбір тәсілге анықтама беретін «Саудаластықты жүргізу тәсілі туралы қағида» жұмыс жасайды. Ашық саудаластық тәсілі – өзге тең жағдайда өтінішті қанағаттандыру не қанағаттандырмау мәселесі саудаға қатысушының ұсынған өтінішіне байланысты емес және саудаға қатысушылардың әлеуетті шектеусіз саны арасында бәсекелестіктің болатын саудаластығы. Тікелей мәмілелер жасасу тәсілімен өтетін саудаластықта өтініштің қанағаттандырылуы немесе қанағаттандырылмауы аталған өтінішті берген сауда қатысушысына байланысты, ал мәмілелер қатаң түрде келісімді.

Сатылып жатқан бағалы қағаздар тізімін, листингтік компаниялар тізімін қор биржасы сайттарынан табуға болады. Жекелеп айтсақ, «Қазақстан қор биржасы» АҚ <http://www.kase.kz/> сайтының «Эмитенттер» айдарында қажетті ақпараттар ұсынады. Басқа бағалы қағаздар жайлы ақпарат шетелдік қор биржалары сайттарында және брокерлердің өздерінде болады.

Қаржы орталығының арнайы сауда алаңында бағалы қағаздармен мәмілелер жасасатын брокерлер туралы мәлімет Қазақстан Республикасы Алматы қаласының өңірлік қаржы орталығының қызметін реттеу агенттігінде мемлекеттік тіркеуден өткен және Қазақстан Республикасы қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу және бақылау агенттігінде лицензиясы бар АӨҚО қатысушыларының тізбесі бар. Аталған компаниялар тізімі Агенттік сайтында орналасқан (<http://www.rfca.kz/>). Арнайы сауда алаңындағы саудаға қатысу үшін, АӨҚО қатысушысы брокерлік және дилерлік қызметті жүзеге асыру лицензиясын алуы, сонымен қатар АӨҚО АСА операторы болып табылатын «Қазақстан қор биржасы» АҚ-ң «А» категориялы мүшесі болуы қажет. АӨҚО АСА-да бағалы қағаздармен мәмілелер жүргізе алатын брокерлік ұйымдар тізбесі «Қазақстан қор биржасы» АҚ сайтында орналасқан (<http://www.kase.kz/>, «Члены биржи» айдарында) [3].

Қазақстан Республикасы басқа да ТМД елдері қатарында нарықтық экономиканы соның ішінде оның басты құрамдас бөлігі бағалы қағаздар нарығын дамыту және тұрақтандыру үрдісін басынан кешіруде. Қазақстан бағалы қағаздар нарығының қалыптасуы 90 жылдардың басынан бастау алады, осы кезеңде КСРО заңдарының негізінде қор нарығының алғашқы институттары құрыла бастады.

Қор нарығының тұрақтануы бірқатар қиын кезеңдерді басынан кешірді. Оған 90-жылдардың басында орын алған инфляцияның өсуі, өндіріс ошақтарының тоқтауы, көптеген шаруашылық етуші субъектілердің қор нарығында жұмыс істеу тәжірибесінің болмауы басты себеп болды. Қор нарығында орта топ, яғни жеке тұлғалар мен шағын және орта кәсіпкерлік өкілдерінің аздығы, ішкі өнімді өндірушілер негізінен ірі стратегиялық компаниялардың болуы қор нарығының тиімді жұмыс істеуіне кедергі келтіріп отырған қазіргі таңдағы басты себептер болып табылады. Ірі компаниялар қор нарығына белсенді қатысудың орнына құнды қағаздарын бір қолға шоғырландырып, оларды айналымға енгізуден бас тартуда.

Қазір Қазақстанда жалғыз «KASE» Қазақстан қор биржасы» жұмыс істейді. Қазақстандық банкаралық валюталық биржа атауымен 1993 жылы 17 қарашада құрылған. KASE акционерлік қоғам түрінде құрылған коммерциялық ұйым. KASE –де 69 акционер бар (31.01.08): ҚР Ұлттық банкі (ірі акционер), банктер, брокер-дилерлік ұйымдар, активтерді басқаратын компаниялар, ЖЗК және басқа қаржы ұйымдары. Бүгін KASE Қазақстандағы әмбебап қаржы қоры.

Биржа дамуының негізгі кезеңдеріне келетін болсақ, KASE төмендегі нарықтарға қызмет көрсетеді:

- ✓ мемлекеттік және корпоративтік бағалы қағаздармен тікелей және автоматтық репо нарығы;
- ✓ шетел валюта (АҚШ доллары, евро, Ресей рублі) нарығы;

✓ Ұлттық банк, қаржы министрлігі (қазақстандық халықаралық облигацияларды қосқанда) және ҚР жергілікті атқарушы органдарының шығарған мелекеттік бағалы қағаздар нарығы;

✓ вексель, акция, корпоративтік облигация нарықтары;

✓ қазақстандық эмитенттердің «қарапайым» облигациялары;

✓ қазақстандық эмитенттердің халықаралық облигациялары;

✓ агенттік, инфраструктуралық облигациялар.

KASE репо нарығы арнайы мемлекеттің ішкі мақсаты үшін жасалған, яғни қазақстандық ЖЗҚ мен банктердің қысқа мерзімді ақша қаражаттарын тарту және орналастыру бойынша қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін.

KASE шетел валюта нарығы – бұл негізгі сауда алаңы, оның арқасында ҚР Ұлттық банкі тенгенің айырбас курсы реттеп отырады. KASE-дағы бүгін анықталған теңгенің айырбас курсы, ертеңгі күннің ресми курсы болып табылады.

Бүгінгі күнгі корпоративті қағаздардың «таза» нарығының негізгі проблемалары төмендегідей:

✓ еркін қозғалыстағы акциялардың жетпеуі («free-float»);

✓ негізгі институционалдық инвесторлардың консервативтік инвестициялық саясаты (облигацияларды сатып алып, оны толық өтегенше ұстау).

KASE алдағы уақытта қазақстандық ірі банктер мен өндірушілердің IPO күтуде (ҚР «Бағалы қағаздар нарығы туралы» заңына сәйкес қазақстандық эмитенттердің шығарған акцияларының 20% кем емесі жергілікті нарықта сатып алынуға ұсынылуы тиіс). Жаңа листинг компанияларының да пайда болуы, валюталық своп нарығының іске қосылуы, белсенді маркетинг іс-шараларын өткізу, сауда жүйесін модификациялау бұның бәрі KASE-нің жоспарлап отырған іс-шаралары [4].

Сарапшылардың пікірінше, Қазақстанның қор нарығы алдымыздағы бірнеше жылдар барысында қарқынды дамитын болады. Дегенмен аталған саланы дамытуда кедергілер жоқ емес. Ел қор нарығының даму қарқыны баяу. Қаржы саласының бұл жүйесін дамыту үшін Үкімет, Алматы қаласының өңірлік қаржы орталығы (АӨҚО) мен қатысушылар тарапынан қандай шаралар қолдану қажет?, деген сұраққа Парламент Мәжілісінің Қаржы және бюджет жөніндегі комитетінің төрайымы Гүлжан Қарақұсова «Қор нарығын дамыту мәселесі жеке инвесторлардың, соның ішінде жеке тұлғалардың қаржыларын бағалы қағаздар нарығына (БҚН) тарту қажеттілігімен және халықтың қаржылық мәдениеті деңгейін жоғарылатумен тығыз байланысты. Осы мақсаттарда Қазақстан халқына бағалы қағаздар нарығы туралы білім беру ел аймағында оқыту мен ақпараттандырудың салалық бағдарламалары өңдеу мен толықтыруды және білім беру курстарына бағалы қағаздар нарығы бойынша пәндер енгізуді қажет етеді» деп айтты. Бүгінде Алматы қаласы өңірлік қаржы орталығының қызметі мен Қазақстан қор биржасының даму мәселесі бойынша аймақтық әлеуетті эмитенттер мен халықты оқыту мақсатында «Қазпошта» АҚ трансфер-агенттік секторлары негізінде АӨҚО ақпарат-білім орталықтарын (АБО) құру келесі мемлекеттік Бағдарламаларды жүзеге асыру шеңберінде пайда болды:

1. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылы 27 маусымдағы қаулысымен бекітілген № 536 «2007—2007 жж. арналған Қазақстан Республикасы халқының инвестициялық мәдениеті мен қаржы сауаттылығын арттыру бағдарламасы».

2. Қазақстан Республикасы Алматы қаласының өңірлік қаржы орталығының қызметін реттеу агенттігі төрағасының 2006 жылы 8 желтоқсандағы № 68 бұйрығымен бекітілген «Алматы қаласы өңірлік қаржы орталығын 2010 жылға дейін дамыту бағдарламасы». АӨҚО АБО-ның басты мақсаты жеке инвесторлар ретінде бағалы қағаздар нарығына жеке тұлғаларды тарту үшін халықтың қаржы білімін арттыру және оқыту жүйесін құру, аймақтық компаниялардың қор нарығына, атап айтсақ АӨҚО арнайы сауда алаңына шығуы бойынша мәселелерді түсіндіру. Бұл ретте АӨҚО АБО қызметі:

-аймақтық тұрғындарға бағалы қағаздар нарығының негіздерін оқыту бойынша қызмет көрсету;

-аймақтық компаниялардың қор нарығына шығуы жөніндегі мәселелерді талқылау;

-қор нарығы арқылы отандық компаниялардың капиталды инвестициялауы мен тарту тәсілі туралы ақпараттандыру; -өңірлік қаржы орталығы қызметі мен арнайы сауда алаңы туралы мәселелерді талқылау.

Ұлттық қор нарығын дамытудың қажеттілігі Қазақстан үшін ішкі қаржыландыру көздерін дамытуға, отандық бағалы қағаздар нарығының құқықтық және институционалды инфрақұрылымын жетілдіруге бағытталған шаралардың өзектілігін арттырып отыр. Сонымен қатар бұл мемлекеттің жалпы сыртқы қарызын реттеу, еліміздің алдағы уақытта Дүниежүзілік Сауда ұйымына (ДСҰ) енуі, мемлекеттің экономикалық және әлеуметтік қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін қажетті алғышарттар жасау сияқты стратегиялық мәселелердің маңызды аспектісі болып табылады. Қаржы жүйесін дамытуға бағытталған шаралар туралы ақпарат тапшылығы ең алдымен шағын және орта кәсіпкерліктің экономикалық жағдайына теріс әсерін тигізуде. Дер кезінде банк несиелеріне балама инвестицияларды экономиканың нақты секторына қаржыландыру көздерін жасағанда, қазіргі орын алған дағдарыстың салдары да аз болатын еді [5]. Қазақстан қор нарығының тиімсіздігі мен отандық экономиканың қажеттіліктерін өтей алмауы және қаржылық бақылау органдарының қалыс қалуы елдің экономикалық даму қарқынын баяулатушы себептерінің бірі болып отыр.

Өкінішке қарай, республикамыздың қор биржасы қор нарығындағы операцияларға өңдеуші салалардың эмитенттері мен инвесторларын, әсіресе шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерін тартуға қызығушылық танытқан жоқ. Сарапшылардың қорытындыларына қарағанда, Қазақстанның АӨҚО арқылы шетелдік инвестицияларды тарту бойынша жоспарлары іске аспайтын болып отыр. Бұл жағдай бағалы қағаздар нарығына орташа отандық кәсіпорындарды тарту мәселесінің өзектілігін арттырып отыр. Кез келген аймақ үшін ең тиімді қаржыландыру, ең жақсы мемлекеттік қолдау – бұл барлығы

үшін шарттары тең бәсекелестік орта жасау екендігі баршаға мәлім. Бәсекелестік әділетті болған сайын берілген аймақ тиімді дамитын болады. Отандық қор нарығына нарық айналымында жүрген қаржы құралдары түрінің жеткіліксіздігімен, туынды бағалы қағаздар нарығының жетілмегендігі мен акция нарығы дамуының төмен деңгейімен байланысты қаржы құралдарының екінші нарығындағы өтімділіктің төмен деңгейі тән болып отыр. Қазақстандық эмитенттердің көпшілігі әлі қаржылық ақпараттарын жария етіп, кәсіпорынды басқару ісіне сыртқы акционерлерді енгізгісі келмейді.

Қаржы орталығының қызметін реформалау бірегей бағалы қағаздар нарығын, барлық қатысушылар үшін бір жұмыс ережелерін жасау үшін қажет. Бұл мақсаттарға жету үшін бар күш-жігерді заңнамаларды жетілдіруге, қор нарығы инфрақұрылымын дамытуға, жаңа қаржы құралдарын енгізуге, халықты бағалы қағаздар нарығы негіздерімен таныстыруға жұмылдыру қажет.

АӨҚО іс-әрекеті бағалық саясатты реттеп, құнсыздану үдерістеріне тиімді түрде әсер ету мүмкіндігін беретін шаруашылық субъектілерді қаржыландырудың балама көздерін құруға бағытталуы қажет. Бұл сонымен қатар қаржы ресурстарының құнын төмендетіп, олардың қолжетімділігін арттырып, халықты ел экономикасын дамытуға бағалы қағаздар нарығы арқылы қатыстыруға мүмкіндік береді. АӨҚО өз қызметі арқылы жаңа қаржы құралдары мен қор технологияларын дамыту үшін алғышарттар жасап, өмір деңгейін арттыру мен азаматтардың білім алуына көмек көрсетіп, жаңа жұмыс орындарын жасап және бухгалтерлік есеп пен есептіліктің халықаралық стандарттарын қолдана отырып, республиканың ірі шаруашылық субъектілерінің қаржылық ашықтығын қамтамасыз етуі қажет. Сонымен қатар нақты сектордың шағын кәсіпорындарының нарыққа қолжетімділігін қамтамасыз ететін бағалы қағаздар нарығының кәсіби қатысушыларының арасында бәсекелестік ортаны қалыптастыру қажет.

#### Пайдаланған әдебиеттер:

- 1.«Бағалы қағаздар нарығы туралы» Қазақстан Республикасының 2003 жылы 2 шілде, № 461-ІІ заңы //Егемен Қазақстан, 18.07.2003ж.
2. Кошербаева А., Саргужина Г. Торговля ценными бумагами // Рынок ценных бумаг Казахстана №5, 2000ж.
3. [www.rfca.gov.kz](http://www.rfca.gov.kz)
- 4.Қазақстан қор биржасының ресми сайты [www.kase.kz](http://www.kase.kz)
- 5.// Гүлжан Қарақұсова: Дер кезінде қимылдасақ, дағдарысты бәсеңдетуге болар еді. Айқын. 26.07.2008ж.

## Резюме

В статье рассматривается роль рынка ценных бумаг на финансовом рынке, также основные направления, способы размещения финансовых средств, операции купли-продажи финансовых инструментов и их дальнейшая перспектива.

## Resume

In article the securities market role in the financial market, also the basic directions, ways of placing of financial assets, operations of purchase and sale of financial tools and their further prospect is considered.

## Özet

Bu makalede yazar hisse senetleri işlemlerinin ekonomi piyasasındaki rolü ve hisse senetleriyle kazançlı çıkma yolları ile hisse senetlerinin geleceği üzerinde durmaktadır.

\*\*\*\*\*

**Өзінің ішкі бірлігін нығайта алған халықтар ғана тәуелсіздігіне қол жеткізе алады. Және оны қорғап қала алады.**

\*\*\*\*\*

**М. Шоқай**